

# БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЛЫ БҮЛДІРШІНДЕРДІҢ САЯЛЫ МЕКЕНІ

**Балабақша – баланың жүйелі түрде білім-тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Білім беру жүйесінің жаңартылған мазмұны мектеп оқушыларын ғана емес, бүлдіршіндерді де жаңашыл бағытта оқытып, заманға сай тәрбиелеуді талап етеді.**

**О**сындай ұстанымда жұмыс атқарып келе жатқан Павлодар қаласындағы №122 мектепке дейінгі гимназия балабақшасы инновациялық бағытта тәрбие-білім беруде. Білім мен тәрбие ордасы бүгінге дейін бағдарлы жұмыс атқарып, еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесіне өз үлесін қосып келеді. Балабақшадағы ойы озық, шығармашылығы шырқау, ізденісі ілгері ұжымымыздың қол жеткізген ұшан-теңіз жетістіктерін мақтанышпен айта аламыз. Қазіргі таңда балабақшадағы 6 топта 3 жас пен 7 жас аралығында 180 бала тәрбиеленуде. 22 педагогтің 70%-ы жоғары білімді, 74%-ы біліктілік санатта. Мекемеде баланың жеке басының дамып, жетілуіне қажетті жағдай жасалған. Атап айтқанда, хауыз, сауықтыру кешені, спортзал, музыка залы, ағылшын, компьютер бөлмелері, психолог, логопед кабинеттері, бейнелеу студиясы бар.

**Даналық сөздерімен оза білген халқымызда «Балаңа өзіңнің емес, ұлтыңның тәрбиесін бер» деген сөз**



**бар. Гимназияның басты бағыттарының бірі – бүлдіршіндердің бойына ұлттық құндылықтарды дарытып, рухани байлығымызды меңгерту. Осыған байланысты педагогтер халық педагогикасын кең қолданады. Ата-аналар «Атамұра», «Ықылас» клубтарына қатысады. Гимназия педагогтері қалалық балабақшалар арасында Павлодар өңіріндегі ақын-жазушылардың шығармашылық кешін, мәнерлеп оқу сайысын өткізді, «Қазақ ертегілері» фестивалі аясында көріністер сайысын ұйымдастырды.**

Ана тілін меңгеруде жаңартылған технологияларды пайдаланып, тірек сызба, символдарды қолданып, бірнеше рет қалалық «Балбұлақ» сайысының бас жүлдесіне ие болды. 2014, 2016 жылдары Астана қаласында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда баяндама жасап, тәжірибелерімен таныстырды. К.А.Ахметова, А.Т. Сапар, Г.М. Ахатовалардың «Шешен өнерлі балдырған» атты үйірме жұмысына арналған әдістемелік құралдары «Өрлеу» ҰО өткізген педагогикалық оқудың қатысушыларына, курстың тыңдаушыларына ұсынылды. Мектепке дейінгі жаңартылған тәрбие-білім мазмұнына сәйкес мультимедиа кабинеті үш тілде жабдықталған. Интербелсенді ойын технологиясы негізінде ағылшын тілі мұғалімі Бақтыбаева Д.М. мен компьютер сауаттылығына үйрететін мұғалім Ж.А.Әлкеева



үш тілде «Қызықты әлем» атты интеграциялық сабақтар құрастырды. Әдістемелік құрал балалардың тілдерге қызығушылығын дамытуға бағытталған. Бұл жұмыстар облыстық семинарда жоғары бағаланды. Енді ол жан-жақты насихатталып, таратылады.

Мектепке дейінгі гимназияның басым бағыттарының бірі – балалардың логикалық қабілетін тереңдетіп, шығармашылық, зияткерлік қабілетін дамыту, мектепке кешенді дайындау. Мектепке дейінгі гимназияда «Білгіштер» зияткерлік ойындары, «Мен зияткермін» үйірмесінде интербелсенді құралдарды пайдалана отырып, балалардың ой-өрісін, қиялын дамыту, ақпарат жинауға үйрету, логикалық тұрғыдан байланыстыра білу, өз ойын жеткізе білу, тіл дамыту, тіл ұстарту, бірге ойласуға баулу мақсат етіледі. Соның нәтижесінде бүлдіршіндеріміздің 95 %-ы жыл сайын «Жауқазын» атты зияткерлік сайыстарда, Халықаралық «Пони» конкурсында, «ZIAT» ғылыми-әдістемелік орталығының «Туған өлке дарындары» конкурсында, «Білім желісі» зияткерлік марафонында жүлделі орындарға ие болып жүр.

Тәрбиеленушілерімізді бала кезінен шығармашылыққа баулу мақсатында «Вокал», «Халық биі», «Әнші балдырған», «Биші балдырған», «Іскер балдырған» атты фестивальдарға қатыстырамыз. Балалар жарыстарда ата-анасымен бірге шеберліктерін шыңдайды.

Бүлдіршіндеріміз республикалық «Әнші балапан» фестивалінде 1-орын, «Жұлдызды жапырақ» атты республикалық фестивальде I дәрежелі диплом, «Восходящая звезда» атты халықаралық фестивальде, IV республикалық «Dionis» байқауында, «Қазақстан дарындары» атты халықаралық байқауда вокалдан I, II дәрежелі дипломдарды иеленіп, облыстық «Бүлдіршін» фестивалінің, облыстық «Қазақстан дарындары» байқауларының лауреаттары болды, «Рауан» шығармашылық фестивалі байқауында жоғары нәтиже көрсетіп келеді.

Балабақшаның балаға беретін тәлім-тәрбиесінің қаншалық мықты болуы педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, ұстаздарға байланысты. Мектепке дейінгі гимназиямыздағы «Мектепке дейінгі жастағы балаларға ағылшын тілін үйрету», «Ырғақ сабақтары», «4-6 жасар балаларға арналған компьютерлік сауат ашу», «Мектепке дейінгі жастағы балаларды жүзуге үйрету» т.с.с. авторлық бағдарламаларды Бақтыбаева Д.М., Әлкеева Ж.А., Дидык Е.Е. т.б. педагог

теріміз құрастырып, педагогикалық сайыстарда әдістемелік құрал кешендерімен топты жарық, үздік шығып келеді. Сондай-ақ Ғ.М. Құсайынова бүлдіршіндерге жеке-дара оқытуға арналған «Балғын бояулар әлемінде» атты еңбекті, психолог Ғалымжанова А.Ж. «Мектепке дейінгі жастағыларға арналған логика» атты кітапты құрастырып шығарды.

Бекішева К.Б., Тілеуберген Б.А., Букурова Л.Ш, Махметова Ғ.Ш, Ахметова К.А, Бөпежанова М.А. т.с.с. әдіскерлеріміз «Данышпан», «Анаға мың тағзым» атты республикалық өнер және шығармашылық байқауында, «Заманауи сабақ-2018» интернет-фестивалі, «Ең үздік оқу-әдістемелік құрал», Республикалық «Артшоқжұлдыз» шығармашылық фестивалінде, «Өнеге» зияткерлік байқауында, «Жұлдызды жапырақ» сайыстарында шығармашылық бағыттағы ізденістері үшін марапатталып, құрметке бөленді.

Гимназиямыз 2011 жылдан бері мектепке дейінгі мекемелердің рейтингінде жоғары көрсеткішке ие болып, дипломдармен марапатталып келеді, сондай-ақ «Балабақшалардың ең үлгілі аймағы» сертификаты, Павлодар қаласының білім беру жүйесіне жеке үлес қосқаны үшін мақтау қағазына ие болды. «Ағылшын тілі» пәнінің мұғалімі республикалық филологтер съезіне, екі педагогіміз республикалық педагогикалық оқуларға қатысты, бір педагогіміз облыстық «Жыл тәрбиешісі» байқауының жүлдесін жеңіп алды.

Түлектеріміз жыл сайын гимназия, лицей мектептерінде жоғары деңгейдегі білім сапасын көрсетіп келеді. Мектепке дейінгі гимназиямызды педколледж, ПМПУ студенттері, курс тыңдаушылары тәжірибе көрсететін базалық алаң ретінде пайдалануда. Жапония елшілігінің пресс-атташесі Моеко Танака, Қазақстан Республикасының премьер-министрі Кәрім Мәсімов, қазақ жазушысы Роллан Сейсенбаевтар мекемемізге арнайы келіп, іс-тәжірибемізбен танысты. Соның

нәтижесінде ұжымымыз 2017 жылы облыстық тамыздық конференцияда облыс әкімі Б. Бакуовтың грантына ие болды. Мектепке дейінгі гимназиямызға бөлінген 50 миллион теңге мектепке дейінгі оқу-тәрбие үрдісін нығайтуға, заманауи талаптарға сай жұмыс сапасын арттыруға жұмсалды, бөлмелер жиһазбен жабдықталып, интербелсенді кешендермен қамтамасыз етілді, ауладағы ойын алаңдары жаңартылды, балалардың белсенді қимыл-әрекетіне қажетті құрал-жабдық, рөлдік ойындарға арналған ойын модульдері алынды. Сонымен қатар футбол, стритбол, теннис, жаттығу алаңдары жаңадан салынды. Жаз кезінде балаларды шығармашылыққа баулу мақсатында арнайы сахнасы бар концерт алаңы ашылды.

Баланың ойнап жүріп білім алуына, зияткерлік қабілетін ұштауға бағытталған алаңға алуан түрлі пішіндер, цифрлар, әріптер, ойын модульдері қойылған. Жол қауіпсіздігі ережелерін жаяу жүргінші ретінде ғана емес, жүргізуші ретінде де түсіну үшін автожол алаңы ұйымдастырылған.



Онлайн тәртібінде сабақтарға қатысып, интернет ресурстарды оқу-тәрбие үрдісіне қолдануға мүмкіндік беретін мультимедиа кабинетінде балалардың ой-өрісін, логикалық ойын дамытуға арналған роботтехника, шахмат кабинеттері жұмыс істейді.

Ата-аналардың пікірінше, № 122 мектепке дейінгі гимназия – «балалардың саялы мекені». Бала кезінен білімге құштар болып, талаптанатын, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді бойына сіңірген, өз елінің патриоттарын тәрбиелеу үшін бар күшімізді, білімімізді, тәжірибемізді саламыз. «Ұрпақты тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу» деген сөз. Өнегелі ұрпақ тәрбиелесек, еліміздің болашағы да жарқын болады.

**Ғалия ҚҰРМАНОВА,**  
Павлодар қаласындағы №122  
мектепке дейінгі гимназияның  
басшысы

#### АННОТАЦИЯ ○

В статье Галии Курмановой рассказывается о переменах в детском саду № 122 города Павлодар. Эти перемены обусловлены потребностью в изменениях, адекватных развитию общества и образовательной системы в целом. В современных условиях требования к базисному содержанию образования предполагают обеспечение разностороннего и полноценного развития детей и сохранение их физического, психического и нравственного здоровья. Педагоги детского сада осознают необходимость перемен в работе учреждения и стараются воспитать физически здорового, разносторонне развитого, инициативного и раскрепощенного дошкольника.

